



● ДІНІҢ – ДІНГЕГІҢ



АЛТЫН КҮМБЕЗ АЛЛА ҮЙІ

Қостанайда ашылған мешітке
Аймағамбет қажы Спанұлының есімі берілді

**Жандос
ЖҮСІПБЕК**

Қасиетті Құрбан айт мерекесінің алғашқы күні Қостанайда жаңа мешіт ашылды. Облыс орталығындағы сәні мен сәулеті келіскен,

сыйымдылығы жағынан ең үлкен мешітке Тобыл-Торғай даласына дін таратуға өмірін арнаған Аймағамбет Спанұлының есімі берілді.

Күні кеше қостанайлық мүміндер қос қуанышқа келді. Көптен күттірген зәулім де зерлі үр жаңа мешіттің есігі айқара ашылып отыр. Құрылысы төрт жыл бұрын

басталып, кейін аяқсыз қалған рухани нысан санаулы-ақ айлар ішінде еңсе түзеп шықты. Фимарат аумағы – 4 мың шаршы метр, мұнарасының биіктігі – 40 метр, ал бас күмбездің биіктігі – 25 метр.

4-бет

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● ЕЛ ТІЛЕГІ – ЕГІН ҮСТІНДЕ

Өрмек жүзінен ауды

**Әлібек
ЫБЫРАЙ**

Астықты өңірде егін орағы өрмек жүзінен ауды. Биыл Тобыл төсінде барлығы 4 миллион 215 мың гектар алқапқа дәнді-дақылдар егілген-тұғын. Оның төрттен бір бөлігінде озық технологиялар қолданылды. Күні бүгінге дейін қостанайлық диқандар әр гектар-

дан орта есеппен 11-12 центнерден өнім алып жатқандарын айтады.

Әзірге, облыс бойынша күніне 133 мың тонна бидай қамбаға құйылады. Мамандардың сөзінше, күзгі жиын-терім науқаны осы айдың аяғында толық аяқталуы тиіс. Шаруалар егінді қар астын-

да қалдырмай, ысырапсыз жинап алса, қамбаға 5 миллион тоннадай астық құйылады деп болжайды. Жергілікті диқандарға аймақтағы ауыл шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының мамандары ақыл-кеңес беріп, үнемі жер игерудің тың тәсілдерін үйретуден жалыққан емес.

– Біз астықтың түрлі сұрыптарын сынақтан өткізетін тәжірибелік полигонымызда жерді пайдаланудың органикалық технологиялары бойынша жұмыс істейміз. "Жасыл" тыңайтқыштарды, сондай-ақ, егістікті биологиялық тұрғыдан қорғауға арналған препараттарды қолдану экология-

лық таза және жоғары сапалы өнім алуға мүмкіндік береді. Сондықтан шаруашылықтар озық технологияларды енгізуге деген талпынысты барынша арттыра түсуі керек, – дейді Қостанай ғылыми-зерттеу институты бас директорының міндетін атқарушы Алмабек Нұғманов.

100
80
60
40
100
80
60
40
100
80
60
40
Синий
Красный
Желтый
Черный

● ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ

"Өзге тілдің бәрін біл ..."

Қостанай облысының Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлерінің арасында "Полиглот" өңірлік конкурсы өтті. Жарысқа 5 үміткер қатысты. Байқау қатысушылары үш тілде білімін көрсетуге күшін салды. Іс-шара мақсаты – мемлекеттік тілді қолдану саласын кеңейту, мәртебесін насихаттау мен оның мәні, басқа ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілге деген қызығушылықты арттыру және ынталандыру.



"Өзін-өзі таныстыру" кезеңінде қатысушылар мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде өздерін таныстырды. Екінші кезеңде төтенше жағдайлар тақырыбы бойынша аударма жасауға тырысты. "Үй тапсырмасы" кезеңінде байқауға қатысушылар өнерлерін ортаға салды.

Жарыс қорытындысы бойынша қатысушылар арасында бірінші орынды – ең көп ұпай жинаған Н.Чимчихан, екінші орынды – А.Есназарова, үшінші орынды – А.Бесембаева иемденді. Сайысқа қатысушылардың барлығы да мадақтау грамоталарымен марапатталды. Байқау жеңімпазы Өскемен қаласында өтетін Республикалық сайыста Қостанай облысы атынан сынға түсетін болады.

Қостанай облысының ТЖД мемлекеттік тіл және ақпарат қызметі.

"Домбыра-думанның" ауқымы артпақ

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

Облыстағы баспасөздің қарашаңырағы "Қостанай таңы" газеті бастамашы болған "Домбыра-думан" шарасы алдағы уақытта ауқымын бұрынғыдан да арттырмақ. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен облысымыздың 80 жылдығы құрметіне ҚР Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясымен бірлесіп, республикалық "Домбыра-думан" фестивалін өткізбек. Шара биылғы академияның 45 жылдығымен де тұспа-тұс келіп отыр.

Халқымыздың баға жетпес қазынасы – домбыраны кейінгі жастарға кеңінен дәріптеу мен өскелең ұрпақтың асыл мұрамызға деген ынтасын арттыру – басты мақсат. "Домбыра-думан" қазақтың қара домбырасының шанағынан шыққан күмбірлеген күй, жас талап иелерінің көмейінен әуелеген ән, жүрекке қонымды жырынан көңілді ортаға айналатыны анық.

Сонымен қатар фестиваль "Бір домбыраның тарихы" деген тақырыпқа негізделмек. Кезінде Қазақ КСР-нің Ішкі істер министрі қызметін атқарған Шырақбек Қабылбаевтың халық мұрасына жақын, өнер иелерімен қоян-қолтық араласқан тұлға болғандығы дәстүрлі шара барысында кеңінен айтылады.

Фестивальге өңіріміздегі жоғары оқу орындарымен қатар, басқа аймақтардың да студенттері қатысады. Байқау "дәстүрлі ән" және "күй" номинациялары бойынша өтеді. Оған есімдері елге белгілі өнерпаздар, ақын-жазушылар төрелік етпек. Ал топтан суырылып шығып, үздік танылғандар бағалы сыйлықтармен, арнайы дипломдармен марапатталатынын айта кеткен жөн.

Айтулы шара алдағы 23 қыркүйек күні сағат 11.00-де облыстық филармонияда өтеді.

"Әсиетнама" – жыл кітабы

Республикалық "Бір ел – бір кітап" акциясының аясында "Ақылы – асыл, аты – аңыз" тақырыбында Н.Островский атындағы қалалық кітапханада іс-шара ұйымдастырылды.



Еліміздің кітап сүйер қауымының 2016 жылғы таңдауы Дулат Бабатайұлының "Әсиетнамасын", ең үздік туындыны оқырмандарға насихаттау кітапханашылардың басты мақсаты еді. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов "Абай жолы" романында Дулат Бабатайұлын жоғары бағалаған. Өткен ғасырдың қазақ әдебиетінде Бабатайұлына қатысты сан түрлі теріс бағалардан кейін, жазушы өз романында Дулат Бабатайұлының образын Барлас деген бүркеме атпен жазған. "Абай жолы" романының желісімен кітапхананың "Тұмар" клубының белсенді мүшелері "Барлас ақын" атты сахналанған қойылымды оқырмандар назарына ұсынды. Қазтуған, Жиенбет, Доспанбет жыраулардан бері Абай мен Махамбеттің ортасында үлкен алтын көпір болып жатқан керемет тұлға Дулат Бабатайұлы жайлы шараның қонақтары болған ҚМПИ-нің оқытушысы Күлзада Мырзағалиева мен "Қостанай таңы", "Қазақстан-Заман" газеттерінің тілшісі Қыдырбек Қиысхан көптеген мәліметтермен бөлісті. Қаламыздың оқу орындарының студенттері ақынның жыр жолдарын нақышына келтіре оқыды. Сонымен қатар ақынның өлшеусіз қазынаға тең еңбектерінен кітапхана қорынан жинақталған "Ұлылар ұлағаты" атауымен кітап көрмесі де ұйымдастырылды.

Ботакөз ДҮЙСЕМБАЕВА, Н.Островский атындағы қалалық кітапхананың ұлттық әдебиеттер бөлімінің меңгерушісі.

● БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Құрылыстың кемшілігі көп

Қымбат ДОСЖАНОВА



Ұзынкөл ауданына қарасты Троебрат ауылында астықты кептіріп, сақтауға арналған қойма салынып жатыр. Аталған ауданға жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Архимед Мұхамбетов қойманың қазіргі жай-күйімен танысып, құрылыс жұмысына сын айтты.

Астық сақтау қоймасы "Пресногорьковское-250" ЖШС-на тиесілі. Қойманың сыйымдылығы 50 мың тонна. Әзірге 35 мың тонна астық қабылдайтын болады. Қойма беларуссиялық құрылғылармен жабдықталады. Құрылғыны орнату жұмыстарын шетелдік зауыт өз мойнына алған.

– Жобаның механикалық бөлігі аяқталды. Бір аптаның көлемінде іске қосу және жөндеу жұмыстары аяқталады. Электр желілері тартылады. Трансформатор сатып алынды. Жауын-шашын болмаса, қазан айының соңына қарай элеваторды іске қосамыз, – деді жобаның жетекшісі Алексей Аманжолов.

Аталған қойма жеке шаруа қожалығының қаржысына салынып жатыр. ЖШС директорының баяндамасын тыңдаған облыс әкімі құрылыс алаңын абаттандыруға көңілі толмайтынын айтты.

– Жоба туралы естідім. Құжат бойынша үшінші жыл салынып жатыр. Егер жақсылап қолға алса бір не бір жарым жылдың ішінде құрылысты аяқтауға болатын еді. Нысан аумағын абаттандыру



жұмыстарын қолға алған жөн. Темір жол түйісі керек. Мемлекеттік бағдарламалардың қолдауын пайдаланбапсыз. "Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасы арқылы теміржол мәселесін шешуге болар еді. Сондықтан, теміржол бөлімшесіне, аудан әкіміне, кәсіпкерлік басқармасы-

на тиісті тапсырмалар беремін. Астық қоймасы іске қосылуы тиіс, – деді облыс әкімі Архимед Мұхамбетов.

СУРЕТТЕ: облыс басшысы қойманың құрылыс алаңында ұзынкөлдіктермен бірге. Суретті түсірген автор.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Қостанайда мал базары ашылды

Кенже ҚОНЫСБАЙ

Қасиетті Құрбан айт мерекесі қарсаңында халық игілігі үшін мал базары ашылды. Бұрын облыс орталығында арнаулы мал базары болмаған-тын. Жаңа базар Федоров тас жолының бойында орналасқан. Әп сәтте-ақ "Қостанай Мал Базары" ЖШС ұйымдастырған алаңда 4 ірі қара, 300-ге тарта қой сойылды. Бұл жерде алып-сатардан бөлек, құрбанды сойып беру, жіліктеу, ішек-қарын аршу сияқты қызметтер көрсетіледі.

– Айта кету қажет, мереке алдындағы бұл мал базары облыста алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Мұндай үрдісті жыл сайын Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Астана және Атырау қалаларынан ғана көру мүмкін еді. Тек Құрбан айт күні ғана емес, күздік, соғым уақытында да халық қалаған малын осы жерден келіп ала алады, – дейді базар басшысы Д.Құдасов.

**Ұлық мереке ұлықталды**

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Ұлық мейрам Құрбан айт мерекесіне орай "Мұхтасиб Әлмұхамед" атындағы Арқалық қалалық мешітінде айт намазы оқылып, қала әкімі Амантай Балғарин мен қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Ғапбасұлы құттықтау сөз сөйледі.

Мешітке келіп құрбандық шалған ағайындардың қарасы жылма жыл артып келе жатқандығын көрсетті. Қала әкімі Амантай Кәкімбекұлы өзі



бас болып азаматтармен бірге ірі қараны құрбандыққа шалды.

Діни мейрамның құрметіне өнерпаздар күй, терме төгілдіріп, спортшылар қол күресі, арқан тарту, өгіз тартыс сынды ұлттық ойындар мен спорттық жарыстарды өткізді.

Жүлдегерлер грамотамен, ақшалай сыйлықпен марапатталып, өгіз тартысының жеңімпазы қой иеленді.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Құрбан айт мерекесінен көрініс. Суретті түсірген автор.

● ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА



Қостанайлықтардың қуанышы еселене түсті

Ұлық мейрам Құрбан айт қарсаңында қостанайлықтардың қуанышы еселене түсті. Арман-1 мөлтек ауданындағы "Арман қала" тұрғын үй кешенінен баспана кезегінде тұрған бюджеттік ұйым қызметкерлері, көпбалалы отбасылар, оралмандар, педагогтар, медицина қызметкерлеріне үй берілді. Үй иелеріне пәтер кілтін облыс әкімі Архимед Мұхамбетов тапсырды.

Кенже ҚОНЫСБАЙ

– Алдымен, баршаңызды Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Міне, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының тапсырмасымен қабылданған "Нұрлы жол"

Қостанай қаласының Әуежай шағын ауданында көпқабатты 9 үйдің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Жуық арада ол жақта да қоныс тойы тойланатын болады. "Юбилейный" жаңа шағын ауданының инфрақұрылымын салуға 6

сөзінде өңір басшысы Архимед Мұхамбетов те "БК-Строй" ЖШС-нің басшысы Ким Игорь Романовичке алғысын білдірді. Тұрғындар да жылы пәтер, жаңа алаңқайға риза.

Кейін өңір басшысы жас отбасы Қайран мен Салтанат Мұханғалиевтардың жаңа пәтеріне бас сұқты. Қуанышты бөлісуге отағасы Қайранның әке-шешесі де келіпті. Қос қарияның қуанышында шек жоқ. Келген қонақтарға алғыстарын жаудырып, астан дәм татқызды.

Мұханғалиевтер 2014 жылы пәтер кезегіне тұрған. Міне, араға бар-жоғы екі-ақ жыл салып, қоныс қуанышына қол жеткізіп отыр. Қайран Қостанайдағы салық басқармасында еңбек етеді. Екі қыз тәрбиелеп отырған жұбайы екеуі кезектің жылдам өте



жаңа пәтерге ие болып отырмыз. Басыбайлы баспанаң болғанға не жетсін. Балаларымның үлкені бой жетіп қалды, енді пәтерден пәтерге көшіп жүре алмас едім. Жас отбасыларға үлкен демеу беріп жатқан Елбасына, облыс билігіне алғысым шексіз. Еліміздегі барлық жас отбасыларда дәл осындай қуаныш болсын! – дейді жаңа пәтер иесі Қайран Мұханғалиев.

Ал, тағы да жаңа бір пәтердің иесі Айман Құртанова бұл баспананы он жыл бойы күткен. Осы кезге дейін немересі екеуі әртүрлі пәтерді жалға алып келген. Міне, аңсаған арманы орындалып, 1 бөлме болса да, тұрғылықты өз жайына қол жеткізіп отыр.

– Пәтеріміздің жалпы аумағы – 42,9 шаршы метр. Ішкі кең, жайлы, балконы да тамаша. Өз баспанаңның болғаны жақсы ғой. Қаншама жылдар бойы пәтер жалдап, көшүмен болдық. Ал, қазір "өз үйім – өлең төсегім" деп, жайбарақат жүресің. Халық игілігіне еңбек етіп жатқан кісілерге рахмет айтамын, – дейді А.Құртанова.

Айман №14 балабақшада тәрбиеші болып жұмыс істейді.



бағдарламасының аясында осындай қуанышқа кенеліп отырмыз. Бүгін 94 қостанайлық отбасы баспаналы болып, өз қоныстарына келіп жайғасуда. Бұдан бөлек, Қостанайда халықты үймен қамту мәселесін одан әрі шешу үшін 5 аудан айқындалды. Жеке тұрғын үй құрылысы үшін Қостанай қаласына қарасты "Қонай" және Мичурино ауылында, Оңтүстік шағын аудандарында 400 шаршы метрден астам аумақ игерілді. Қазірдің өзінде "Байтерек девелопмент" пен "Қазақстандық ипотекалық компаниясының" ынтымақтастығымен

млрд. теңгеден астам қаражат бөлу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Рудный қаласында, Қостанай ауданындағы Затобол кентінде де көпқабатты үйлер саламыз. Бұның бәрі еліміздегі сындарлы саясаттың арқасы. Қоныс тойларыңыз тағы да құтты болсын! – деді облыс әкімі.

Қостанайлықтарды баспанамен қамту мәселесінде зор үлесін қосып жүргендердің бірі – "БК-Строй" құрылыс компаниясы. Соңғы жылдары шаһарда еңсе тіктей бастаған бірқатар тұрғын үйлердің кірпішін осы компания құрылысшылары қалаған. Өз



шыққанына қуанышты.

– Өзірше айтарға сөз табу

қиын. Бізге бұдан асқан сый жоқ шығар. Жаңа ауданда,



Бұл пәтерді "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасының арқасында алып отыр. Алдағы бес жыл бойы ай сайын 40 мың теңге төлеп отырады, содан кейін пәтерді толық өз иелігіне ала алады. Ал, пәтердің негізгі құны – 9 млн.теңге.

Бұл күні баспанаға қол жеткізген жүзге жуық отбасының мерейі асып-тасуда. Қасиетті Құрбан айт мерекесінде тілеген дұға-тілектері қабыл болып отыр десек, артық айтқанымыз емес. Барлығы қуанышты, дән риза.

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● ДІНІҢ – ДІҢГЕГІҢ

АЛТЫН КҮМБЕЗ

АЛЛА ҮЙІ



1-бет Нысан аумағына көркемдік-сәндік жұмыстар жүргізілген. Ауласына саябақ құрылысы да салынған. Ғибадат мекені бұдан былай басты рухани орталыққа ғана айналып қоймай, шаһардың архитектуралық ажарын ашып тұрмақ. Қашықтан көз тартатын алты күмбезді алып мешіт бір мезетте 3 мыңнан астам адамды қабылдай алады. Төңірегіне жиылған мұқтарам жамағаттың қарасы қалың. Қуанышты ортақтасуға алыс-жақыннан келген ағайынды алғашқы болып облыс әкімі А.Мұхамбетов құттықтады.

– Әуелі, баршаңызды мұсылманның ең ұлық мерекесі – Құрбан айт мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – елдің бірлігін нығайтатын, қайырым мен қанағатты арттыратын күн. Елбасымыздың ұлттық мерекелердің мәртебесін көтеру мақсатын алға қоюы арқасында, бұл мейрам соңғы жылдары ресми деңгейде аталып келеді. Міне, бүгін осы мереке күні Қостанай қаласында бой көтеріп отырған ең үлкен жаңа мешіттің ашылуымен баршаңызды құттықтаймын! Еңсесі биік жаңа ғимараттың бой көтеруіне атсалысқан барлық азаматтарға, кәсіпкерлерге, кәсіпорын басшыларына шынайы алғысымды білдіремін! Жаңа мешіт жастарға рухани тәрбие беретін, дәстүрлі дінімізді насихаттайтын орталыққа айналарына сенімдімін, – деді облыс әкімі.



Бұл, шынымен де, көппен біткен сауапты іс. Айналырған аз айда құрылыстың аяқталуына аты өйгілі "Сколов-Сарыбай кен өндірісі бірлестігі" акционерлік қоғамынан бастап, "Қарқын", "Шолақсай", "Қарасу", "Москалев", "Алтынсарин", "Диевское" сынды көптеген ірі серіктестіктер, шаруа қожалықтары қаржы құйды. Облыстың қарапайым азаматтарының да қосқан үлесі өлшеусіз. Әр кірпішіне маңдай тері сіңген мәрдігер компания – "Арх ДИЗАЙН" ЖШС еңбегін де өңір басшысы ерекше атап өтті.

Мешіттің ашылу салтанатына Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өкілі Қамалжан Бексұлтанұлы да арнайы келіп қатысып, қостанайлықтарға құттықтауын жолдады.

– Қадірменді жамағат, сөзім басында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлының ыстық сәлемін, жүректарды құттықтауын жеткізім келеді. Асылында, Айт мерекесі

барша мұсылман қауымы үшін аса үлкен маңызға ие. Ал осындай қастерлі күні жаңа мешіттің ашылуына куә болып отырған сіз бен біздің қуанышымызда шек жоқ деп түсінемін. Сондықтан бұл мешіт – халықты береке-бірлікке, жастарды имандылыққа тәрбиелейтін орта, құтхана. Іргетасының қалануына септігі тиіп, бұл ғанибетке мұрындық болған күллі азаматқа Алланың нұры жаусын! Әрқайсысыңыздың жасаған игі амал, дұға-тілек



теріңіз қабыл болғай! – деп ақжарма лебізін жеткізіп, Ержан қажы Малғажыұлының облыс әкімі Архимед Мұхамбетовке жолдаған Алғыс хатын табыстады. Жаңа мешітке де басқарма атынан сый-сияпаттар берді.

Шара барысында ел ағаларына сөз берілді. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Укин әңгіме әлқиссасын өріден бастады. Кеңес дәуірінде бұғауда болған дініміздің тарихын тарқата келіп, осы күнгі облыс орталығындағы орасан зор оқиғаға ойысты.

– Биылғы жылдың ең елеулі оқиғасы – халқымызға имандылық нұрын себетін қасиетті күні әсем де сәулетті мешіт есігінің мұсылман қауымына айқара ашылуы. Қаржы тапшылығына байланысты тоқтап қалған құрылысты жаңадан келген облыс басшысы Архимед Мұхамбетов шұғыл түрде қолға алып, аз уақытта салғызып



бітірді. Орталық мешіттің бой көтеруіне атсалысып, қаржы құйған азаматтардың барлығына да айтар алғысымыз зор. Істеріңе Алла разы болсын! – деп өз алғысын білдірді ел ағасы.

Мешітке Аймағамбет қажы Спанұлының есімі беріліп отыр. Осы ретте Тобыл-Торғай даласына ислам дінін таратуға саналы ғұмырын арнаған бұл қайраткер жайлы да жиылған жұртшылық құлағдар болды. Дін жолында қуғын көріп, мекнат шеккен молда турасында белгілі өлкетанушы ақсақал Ибрагим Ағытаев әңгімеледі.

– 1928-1970 жылдар аралығында Торғай даласында қудалауға түсіп, жер аударылып, небір құқай көрсе де, Хақ жолында қайраткерлік танытып, КСРО жоғарғы кеңесі президиумынан Қостанайдағы мешіттерді қайтаруды сұрап, тепкісі қатты заманда тектілік танытқан – Аймағамбет қажы Спанұлы еді. Торғай-Қостанай даласында діннің таралуы үшін Бұқара, Алматы, Ташкент, Пермь, Уфа, Қазан, Троицк, т.б. қалалары дінбасыларымен үнемі үзбей байланыс жасап, олардан келген пәтуа-жаңалықтарды елге жайып отырған. Үкіметтен қолдау таппаған Аймағамбет қажы ақырғы демі үзілгенше өзінің мұсылман қарындастары үшін Намазхана салып берген. Бүгін, міне, ел-халқының қолдауымен дін қайраткерінің есімі ұлықталып, мешітке аты беріліп отыр. Осы қуанышты сәтті пайдаланып, аз уақытта алғырлығымен танылған облыс әкіміне зор алғыс айтып, толайым табыстар



тілеймін, – деп ағынан жарылды.

Ресми шара соңында өңір басшысы А.Мұхамбетов пен діни басқарма өкілі К.Тұрдыбаев жаңа мешіттің есігін ашып, алғашқы болып табалдырығын аттады. Ізінше қаумалаған қауым да Алла үйіне енді... Іші-кірсе, шықысыз, ою-өрнектері асқан шеберлікпен жасалғаны көз тойдырады, кең ауасы, көмкерілген күмбезі таң қалдырарлық. Классикалық ислам стилінде мәнерленген. Жалпы, мешіт үш қабаттан тұрады. Алғашқы қабатында 1450 адамға арналған ерлердің ғибадат ету залы және неке қию орны бар. Әйелдердің құлшылық жасайтын залы екінші қабатта орналасқан. Күмбездік қабатында қосалқы орын-жайлар бар.

Көзі қуанып, көңілі толған жамағат жаңа жұмсақ кілемге тізе бүгіп, алғашқы айт намазын оқыды.

СУРЕТТЕРДЕ: Аймағамбет қажы Спанұлы мешітінің ашылу салтанатынан көріністер; жаңа мешітте алғашқы Айт намазы оқылды.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ–2020

Шағын несие алып, өз кәсібіңді аш

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Бұл туралы облыстық баспасөз клубында өткізілген брифингте Қостанай қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы С.Омаров мәлімдеді. Сондай-ақ, қалалық жұмыспен қамту орталығы мен ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының басшылары да "Жұмыспен қамтудың жол картасы–2020" бағдарламасының екінші бағытын іске асыру, кәсіпкерлік бастаманы ынталандыру, шағын несие арқылы бизнесті бастау жолдарын тілге тиек етті.

Бүгінде өңірде "Бизнестің жол картасы–2020" және "Жұмыспен қамтудың жол картасы–2020" бағдарламалары арқылы несие алып, өз кәсібін ашып, не болмаса бар бизнестерін жандандырып жатқандар саны аз емес. Дегенмен, сала мамандары бұл мүмкіндікті көбіне ауылдық кәсіпкерлердің ұтымды пайдаланып жатқандығын, ал қала кәсіпкерлерінің бұдан қалыс қалып жатқандығын айтады. Сондықтан, биылғы жылдың 15 тамызынан бастап енді қаладағы кәсіпкер азаматтарға да шағын несие беру басталған көрінеді.

— Қазір ауылдық жерлердегі кәсіпкерлер шағын несиенің мүмкіндігін пайдаланып, орта және шағын бизнестің өркендеуіне өз үлестерін қосуда. Ал, қаладағы іскер азаматтардың несие алып, бизнестерін кеңейтуде сылбырлық танытып жатқандары рас. Бұған өрине, жарнаманың аздығы басты себеп болуда. Сондықтан, бүгінгі басқосудың басты мақсаты да осы, яғни енді қалалық кәсіпкерлердің де шағын несие алып, өз бизнестерін жандандыруға мүмкіндіктері бар екендігін айтқымыз келеді, — дейді Қостанай қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы С.Омаров.

Бөлім басшысының сөзінше, биыл "Бизнестің жол картасы–2020" бағдарламасы арқылы да 400 шағын несие беру қарастырылған. Биылғы жылы кәсіпкерлікті дамытудың жаңа механизмі дайындалып, енді осыған орай ауыл және шағын қалалардың тұрғындары 169 млн. теңге көлемінде шағын несие алатын болады. Несиелендіру бойынша ең жоғары қаржы көлемі 10 млн. теңге болмақ. Сонымен қатар, кәсіпкерлер палатасына




келіп, үш жылға 15 млн. теңгеге дейін несие алуға болады екен. Сол себепті мамандар осындай орасан зор мүмкіндікті қалт жіберіп алмауға шақырады. Сондай-ақ, мамандар несиеге берген қаржыны сауда саласына немесе үй сатып алу сияқты мақсаттарға пайдалануға болмайтындығын да ескертеді.

— Қала аумағындағы кәсіпкерлерді қаржыландыру мақсатында 117 млн. теңге бөлініп отыр. Қазіргі таңда шағын несиеге қолжеткізу бойынша 12 өзін-өзі қамтыған іскер азаматтар мен 12 жұмыссыз адамнан өтініш келіп түсті. Қазір олардың құжаттары қаралу үстінде, — дейді Қостанай қаласының жұмыспен қамту орталығының директоры Б.Мақанова.

Жалпы, облыс бойынша "Жұмыспен қамтудың жол картасы–2020" бағдарламасының екінші бағытын жүзеге асыру мақсатында 392 адамға 800 млн. теңгеден астам шағын несие беру жоспарланған. Шағын несие алып, кәсіптерін кеңейтіп жатқандар қатарында Аманкелді мен Қостанай аудандары көш бастап тұрған көрінеді.

● ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҰЛҒАЛАРЫ

Міржақып бабамызға ескерткіш орнатылды



Ырысы құт, ынтымағы жарасқан, бірлігі мен берекесі орнаған қасиетті Қызбел ауыл топырағынан шыққан қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері Міржақып Дулатов бабамыздың рухына арналған биіктігі төрт метр болатын ескерткіш аталмыш ауылдағы Алаш арысының есімімен аталатын мектептің алдынан бой көтерді.

Бұл игілікті істің басы-қасында жүріп, елге деген шынайы жанашырлығын танытып, демеушілік жасап, мұрындық болған Алаш көсемінің ұрпақтары. "Мың сөзден бір іс артық" демекші, ұлылықты дәріптеген баба ұрпақтары бұның сыртында Бидайық ауылындағы М.Дулатовтың кесенесі мен мұражайына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп берген. Әрбір азамат туған жеріне борышты екенін ұмытпай патриоттық сезіммен келешекке үлгі болар кемелді іс жасаса тәуелсіз елдің тарихына алтын әріптермен есімдері қашап жазылары сөзсіз.

Ал бабамыздың мүсінін жасаған осы елдің тумасы, облыс өңіріне белгілі мүсінші, суретші, Қостанай қаласының тұрғыны Мұқаметқали Рахалиев.

— Міржақып бабамыздың мүсінін жасау мен үшін үлкен бақыт деп білем. Өзім де қаржылай үлес қосып, үш айдың ішінде мүсінді жасап шықтым. Жасаған еңбегіме ешқандай еңбекақы талап еткен жоқпын. Себебі мен де осы ауылдың тумасымын. Перзенттік борышымның бір бөлшегі өтелсін деп тегін қызмет еттім. Биыл күзден қалдырмай ескерткіш, мұражай, кесенелердің айналасына көшет ағаштарын отырғызамыз деп жоспарлап отырған жәйіміз бар. Сондай-ақ, келер жылы бабамыздың атындағы мұражайдың ішіне жөндеу жұмыстарын жүргіземіз. Біздің келешек жас ұрпақтарымыз осындай тарихи ескерткіштерге тағзым етіп, қазақтың рухын асқақтатса екен деймін. Бабамыздың аруағы жебеп, Тәуелсіз елдің таңы нұрланып атса деген тілегім бар, — деп ағынан жарылды Мұқаметқали Тоқтарбайұлы.

Ескерткіштің ашылу салтанатында сөз алған ауыл әкімі Елдос Едіресов Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы қарсаңындағы жасалған тамаша тартуға ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар М.Дулатовтың ұрпақтарына және мүсінші М.Тоқтарбайұлына ауыл тұрғындарының атынан шексіз алғысын білдіріп, қазақтың салт-дәстүрі бойынша иықтарына шапан жауып, сый-сияпат жасап, құрмет көрсетті.

Баба рухына құран бағышталып, ас берілді. Ауылдың игі жақсы қариялары М.Дулатов туралы өмір деректерінен сыр шертті.

Дарынды дара туған бабалардың рухы артында елі барда ешқашан өлмей, өшпей, мәңгі жасай берері хақ.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.

Жанкелдин ауданы.

● ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДА

Жұмыс оңтайландырылмақ

Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

Рудный қаласында аудандық, қалалық ардагерлер кеңесі басшыларының қатысуымен семинар-кеңес өтті. Онда "Ардагерлер ұйымы" республикалық қоғамдық бірлестігінің 7-съезі мен облыстық есеп беру-сайлау конференциясының шешімдері талқыланып, делегаттар атқарған жұмыстары бойынша есеп берді.

Аға ұрпақ өкілдерінің алқалы жиынын Рудный қаласы әкімінің орынбасары Елена Скаредина ашты. Ол Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында ардагерлер ұйымдарының қатары толығып, қоғамдағы маңызы арта түскендігін айтты. Түрлі өмір өткелдерін басынан кешіріп, өскелең ұрпаққа жөн сілтейтін қарттардың жастарға тәлім-тәрбие берудегі рөлін атады. Одан кейін сөз тізгінін облыстық ардагерлер кеңесінің



төрағасы алды.

— Ардагерлер ұйымы көшегі қиын-қыстау кезеңде өзін-өзі сақтап қалған, заман өзгерсе де, өзінің мән-мағынасын, мазмұнын өзгертпеген жалғыз қоғамдық ұйым десек артық айтпағанымыз. Өйткені, қоғамның қаншалықты өркениетті, қанша-

лықты зиялы екендігі ардагерлерге деген құрметпен өлшенген. Аға ұрпақтың өнегесі, ақылы қоғамға қай уақытта да қажет, — деді Кенжебек Үкин.

Төраға Республикалық съезде елдің ынтымағы мен тыныштығын сақтау, жастарға патриоттық тәрбие беру жұмыстарында ардагерлерге үлкен сенім артылғандығын жеткізді. Съезд шешімдерін орындау мақсатында жергілікті бастауыш ұйымдарының жұмысы жаңаша ұйымдас-тырылып, шағындары ірілеріне қосылып жатқандығын тілге тиек етті. Мәселен, 2014 жылы Қостанай облысында 852 ардагерлер ұйымы болса, олардың саны 2015 жылы 808-ге, ал 2016 жылы 624-ге дейін қысқарған. Бір ғана облыс орталығының өзінде 338 ұйымның орнына 165-і жемісті қалған.

Семинарда аудан-қалалардан келген

қонақтар бұдан былай зейнеткерлерді ардагерлер ұйымдарына тарту, елді ынтымаққа, ұлтаралық татулыққа шақыру, жастарға аталық тәрбие беру, медиаторлық жұмыспен айналысу басты назарда болатындығын айтты.

— Қазіргі таңда қоғамдағы барлық оқиғалардың бас-қасынан ардагерлер табылады. Олар саяси шаралардан сырт қалған жоқ, өздерінің жанқиярлық еңбегімен гүлденген Қазақстан құруға үлестерін қосты және қоса береді. Өз кезегінде, зейнеткерлердің құқықтарын, қадір-қасиеті мен мүдделерін қорғау, олардың материалдық жағдайларын жақсарту, халықпен, ең алдымен, жастармен тәрбиелік-патриоттық жұмыс — біздің қызметіміздің өзгертпейтін мақсаты болып қала береді, — дейді Қарабалық аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы Сөния Қабылова.

Пленарлық мәжілістен кейін қатысушылар естелік фотоға түсіп, қаладағы Соколов кеніші, мұрағат пен балалар үйіне экскурсия жасады. Сапар соңында ардагерлер Даңқ ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойып, елі үшін жан қиған батырларға тағзым етті.

● ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІНЕ – 100 ЖЫЛ



Негізі, осы қозғалыста халықтың еңбегі ересен. Алайда, кезінде Торғай халқының, яғни бүгінгі Арқалық, Аманкелді, Жанкелдин, Науырзым аудандары жұртының еңбегіне дұрыс бағасы берілмеді.

Еліміз Тәуелсіздігін алғаннан бері қарай осыдан 100 жыл бұрынғы Торғай өңірінің қозғалыстағы ерлігін бағалау басталды. Осы бағытта көптеген қаламгерлер мақалаларын жариялады. Сондай-ақ кітаптар да шығаруда. Солардың бірі – есімі респуб-

бековтің, Берекет Кәрібаевтың мақалалары республикалық газет-журналдарда жарияланып келеді. Олардың ұстанымдары берік, байламдары сара.

Бүгінгі бұл тарихи өңір ата-баба дәстүрін одан әрі жалғап, Тәуелсіздігіміздің баянды болуына өз үлестерін қосып келеді. Соның бірі – Аманкелді батыр атындағы аудан. Еліміздің ұлт-азаттық қозғалысының 100 жылдығын ескерусіз қалдырмай атап өтуге аудан халқы жұдырықтай жұмылды. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарды. Халықтың бұл бастамасын облысымыздың әкімі А.Б.Мұхамбетов қолдады. Аудандағы А.Иманов мемориалдық музейі және балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебін күрделі жөндеуден өткізуге көп көмек көрсетті. Соның арқасында аталған екі нысан да түбірінен

АБЫРОЙЫ АСҚАН,

АМАНКЕЛДІ АУДАНЫ

**Хамитбек
МҰСАБАЕВ**

Тарихта талай сыр көп. Соның ішінде Торғай өңірінің тарихи жылнамасының айтары мол. Осыдан 100 жыл бұрын өңіріміздің ел-жұрты патшаның 19-31 жас аралығындағы жастарды қара жұмысқа алу туралы Маусым жарлығына қарсы шықты. Олар Торғай үйезінде құрылтайлар ұйымдастырып, күреспек болды. Үйездегі 13 болыс бойынша екі хан, екі сардар сайлады. Ол хандар – Оспан Шолақұлы мен Әбдіғапар Жанбосынұлы, ал сардарлар – Қасымхан Алтынсарұлы мен Аманкелді Үдербайұлы еді.

Аманкелді Үдербайұлы халық ортасынан шыққан шын мәніндегі айтулы батыр болатын... Ол қозғалысқа "Кеңес үкіметін орнатамын" деп қатысқан жоқ, керісінше, халқымызды азат етеміз деп қатысқан болатын. Кеңестік жүйенің "жеке адамға табынушылық" кезеңінде Аманкелді батырмен бірге азаттық майданына бірге кірген Оспан хан Шолақұлы, Әбдіғапар хан Жанбосынұлы, Қасымхан сардар Алтынсарұлы мүлде ескерусіз қалды. Тіпті осылардың ішінде Әбдіғапар ханды жау етіп көрсетті. 1991 жылға дейін оның еліне сіңірген еңбегін айтпақ түгілі, атын атау мүмкін болмады. Әбдіғапар ханды 1919 жылдың 16 желтоқсаны күні Ә.Жанкелдиннің бұйрығымен, онымен бірге келген Шәміл Қаратаевтің әскері "Зәуре" қопасында сотсыз, тергеусіз атып кетті. Сол секілді Оспан хан мен Қасымхан сардардың да халқына жасаған еңбектері айтылмады. Осы үш тұлға қазақ тарихынан әлі күнге өздерінің лайықты бағасын ала алмай келеді. Мысалы, Әбдіғапар ханға Аманкелді ауданында не бір мектеп, не бір көше т.б. күні бүгінге дейін берілген жоқ. Оның атын есте қалдыруға байланысты 2000-шы жылға дейін талай рет ұсыныстар болды. Бірақ, ол ұсыныстар сол күйінде қалды. Өткенге өкініш жоқ, енді ең болмаса қозғалыстың 100 жылдығында – оның атын халық жүрегінде қалдыруға бір шара жасалса деген тілек бар. Қуанышқа қарай, торғайлықтар Қасымхан сардарға көше атын берді. Оспан ханның да еңбегін ескеруге қадам жасауда.



лика жұртшылығына танымал белгілі саясаткер Берік Әбдіғалиұлы биыл құрастырып шығарған "Торғай көтерілісі" атты туындысы. Бұл кітапта құнды құжаттар, нақты деректер көптеп жарияланған. Қазіргі таңда 1916 жылғы қозғалыстарға баға беру жақсы жүруде. Бұл тарапта халқымыздың қазіргі бас тарихшысы Мәмбет Қойгелдиннің және Талас Омар-

жаңарды.

Аманкелділіктер 100 жылдықты атап өтуге байланысты ауданның жаңа әкімі Н.Қ.Өтегеновтің басшылығымен бірлік пен ынтымақ танытты. Басшы кәсіпкерлермен жүздесіп, оларды демеушілікке тартты. Бұл шарадан ауданымыздың белгілі ди-хан-кәсіпкерлерінің ешқайсысы шет қалмады. Нәтижесінде "Аманкелді" қорына 2016 жылдың 1 қыркүйегіне дейін қаржы құйылды. Алдында сыртта жүрген Е.Сейкенов, М.Айдаболов, Ж.Түбекбаев, Н.Бәйзіров секілді қалталы азаматтар 2 000 000 теңгеден демеушілік жасаса, ауданның өз ішінде жүрген кәсіпкерлер де аянып қалмады. Осының арқасында аудан орталығы аз уақыттың ішінде жаңарып, жайнап тұр. А.Байтұрсынов, М.Мәметова, Ә.Дүйсенбин көшелерінің бойына ұзын тротуарлар тартылды. Жаңа темір шарбақтар қойылды. Село орталығындағы барлық көшелердің қоршаулары сырланып, үйлер ақталды. Тазалық жұмысы қарқынды жүрді. Біраз жолдар жөнделіп, жаңадан асфальттар төселінді. Аудандық әкімдік үйінің алдындағы алаңға гүлдер отырғызылды. Өңірде тәртіп пен жауапкершілік



күшейтілді. Бұл істерге аудандық мекеме кәсіпорындардың қызметкерлері мен жеке тұрғындар да белсене атсалысты. Осындай үлкен ұйымдастырушылық жұмыстардың арқасында той өтетін орындар сақдай сай өзірленді. Бірер айдың ішінде мұндай кең көлемді жұмыстарды жүргізу әрине, оңай емес еді, бірақ, аудан әкімін қолдаған өңір жұртшылығы атқарылатын жұмыстарды сапалы жасай білді.

Ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығына орай ауданда көптеген іс-шаралар жүргізілді. Көтеріліс туралы халыққа мол мағлұмат берілді.

Атап айтқанда, ағайынды Жармағанбетовтер Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы мен Қостанай облысының 80 жылдығына және Торғай ұлт-азаттық қозғалысының 100 жылдығына арнап Түйебалуан күресін және 24 шақырымдық аламан бәйге ұйымдастырды. Түйебалуан күресіне Қазақстанның жер-жерінен есімі елге белгілі балуандар қатысты. Олардың арасында "Қазақстан Барысының" 2014 жылғы жеңімпазы Мұхит Тұрсынов та болды. Астана қаласынан да біраз балуандар келіп, қатысты. Астанада тұратын Аманкелді жастарының бір тобы "Өр Торғай – ерлік мекені" экспедициясын құрып, 1916 жылғы қозғалыс болған жерлерді аралады. Ұлытауда, Жыланшықта, Дулығалыда, А.Иманов туған Терісбұтақта болды. Кейкі батыр туған Байтұма жеріне барып, ескерткіш-белгі қойды. Сыртта жасаған олардың бұл ісіне аудан халқы дән риза.

Той – Аманкелді селосында 2016 жылдың 16-18 қыркүйегі күндері өтеді. Онда 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығына арнал-



даулы шопандар Ленин орденімен марапатталды. Есет Бейсенов Октябрь Революциясы және Еңбек Қызыл Ту ордендерін, Балға Нұрғожин екі мәрте Еңбек Қызыл Ту орденін иеленді. Осы аталған кісілердің еңбектегі табыстары бүгінгі ұрпаққа үздік тәжірибе мектебі болып отыр. Бұлардың бәрі айтулы еңбек адамдары. Қазір бәрі де ортамызда жүр, ардагер-зейнеткерлер.

Қазір батыр атындағы өңірде мал шаруашылығымен қатар егін шаруашылығы да жақсы дамып келеді. Биыл 105 000 гектар бидай және дәнді-дақылдар өсірілді. Қазір оның шығымдылығы жаман емес.

Ауданда мәдениет пен өнерді дамыту жылдан-жылға қанатын кең жаюда. Аудан халқы шетінен өнерлі, домбыра, қобыз, баян тартып, ән

салмайтын, ою ойып, кесте тікпейтін, ағаштан, темірден түйін түймейтін зергерлер сирек.

Өңір жылдан-жылға өркендеп, ілгерілеп келеді. Мұның барлығы онда тұратын 22 ұлттың бірлігі мен ынтымағының нәтижесі! Өзге 21 ұлт біздің мемлекеттік тілімізді жетік меңгерген. Олардың балалары қазақ мектептеріне барып, біздің ана тілімізде оқиды, сөйлейді, тақпақ айтып, ән

АЛҒА БАСҚАН

ҒАСЫРЛЫҚ ТОЙҒА ӘЗІР



ған ғылыми конференция мен ат бәйгесі, балуандар күресі болады. Ақындар айтысы және мерекелік концерт көрсетіледі. Жеңімпаздарды көделі сый-сияпаттар күтіп тұр.

Әрине, той өтеді, кетеді. Басты мәселе – ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығы – бүгінгі ұрпаққа қай жағынан болсын ғибратты болуы керек. Қазіргі Қазақстан – 1916 жылғы барлық ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқан ата-бабаларымыз аңсаған жаңа тұрпатты Қазақстан! Дамыған еліміздің көріністері – Аманкелді ауданында да аз емес. Жаңадан салынған архитектуралық сән-салтанаты өзгеше бірнеше қабатты орта мектептер мен балабақшалар, демалыс орындары осының айғағы. Құмкешудегі, Үштоғайдағы, Есірдегі жаңа орта мектептердің үйлері сонадайдан көз тартады, көңілге қуаныш, жүрекке жігер ұялатады. Бұларды көріп өскен және соларда оқып, білім алып жатқан жас ұрпақтың Отанына деген сүйіспеншілігі артады.

Бүгінгі Аманкелді ауданы – өңіріндегі төрт ауданның тең ортасы, һәм кіндігі! Көктем мен жазда Аманкелді селосы мүлдем жасарып кетеді. Сырттан келген қонақтар аудан орталығының келбетіне қызыға қарайды және олар алған әсерлерін аудан жұртшылығымен бөліседі.

Батыр атындағы ауданнан халқымыздың елдігі мен ерлігін, мәдениеті мен әдебиетін, өнерін, ынтымағы мен бірлігін көтерген талай-талай асыл азаматтар шыққан. Басшы да, ғалым да, батыр да, ақын да, әнші де аз емес!

Бір мысал, 1947 жылы Октябрь революциясының 30 жылдығы қарсаңында ауданнан 14 бірдей Социалистік Еңбек Ері шықты. Бүгінгі ұрпақ олар-

дың еңбектерін құрметтеп, есімдерін елеп, село орталығынан Ескерткіш тақта орнатты.

Сол сияқты, 1976 жылы ұлт-азаттық қозғалыстың 60 жылдығы қарсаңында алғаш рет техника мамандары арасынан атақты жүргізуші, 1916 жылғы қозғалыстың жүзбасысы Жәкен Тілеулиннің баласы һәм Кейкі батырдың ұрпағы Тарғынбек Жәкенұлы Тілеулин Социалистік Еңбек Ері атанса, қой шаруашылығын дамытудағы тамаша жетістіктері үшін А.Иманов атындағы совхоздың аға шопаны Сөйілхан Сыздықов Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Жылқышы Әйтишев, Серік Кінзев секілді таң-

шырқайды.

Аманкелділіктер Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың алға қойып отырған "Мәңгілік Ел" ұстанымын терең сезінуде. Олардың бірлігі берік, ынтымағы күшті. Соның арқасында еңбек көрігін қыздырып, ел игілігі үшін тер төгуде.

Жерлестеріміз жем-шөптің біржарым жылдық берік қорын жасады. 135 500 тонна құнарлы шөп ерте орылып, жиналып, маяланып үйіліп қойылды. Бітік егін өсіріп, әзірге әр гектар жерден 10-11 центнерден астық жинауда. Алла қалап, ауа-райы жауынды-шашынды болмаса, дихандар егін орағын 16 қыркүйек күні қарсаңында аяқтауға уәде етіп отыр. Төрт түлік саны жылдан-жылға өсіп келеді. Ауданның көркі де құлпырып, әсемдене түсуде. Аманкелді ауданы.

СУРЕТТЕРДЕ: мүсінші Х.Наурызбаев салған А.Иманов ескерткіші; аудан әкімі Нұржан Өтегенов; "Ана мен бала" саябағы және 15 Социалистік Еңбек Ерлеріне орнатылған ескерткіш-тақта; жөндеуден өткен орталық стадионның келбеті; аудандық әкімдік үйі; "Наурыз" алаңы; 1919 жылы А.Иманов жерленген Шахан Алакөліндегі белгі.

Суреттерді түсірген автор.



● "САНДЫҚ ТВ"

Кент тұрғындары қызығын көруде

2011 жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен елімізде "ОТАУ TV" Ұлттық жерсеріктік сандық телерадио хабар тарату желісі пайдаланылуға берілді. Оның басты мақсаты – республиканың барлық тұрғындарын отандық теле және радиоарналарды сапалы қабылдау мүмкіндігімен тең құқылы қамтамасыз ету. Бүгінде сұранысқа ие бұл желінің қызығын шалғайда тұратын кент тұрғындары көруде.

Жалпы, Сарыкөл ауданында "ОтауТВ-ның" 1122 абоненті бар. Алдымен, бұл қызметті аудан тұрғындары қостырса, одан кейін бұған ауылдықтардың да қолы жетті. Яғни, бүгінде Соналы, Күнтимес, Қоскөл және Қарашілік секілді елді мекендердегі тұрғындардың тоқсан пайыздан астамы 38 республикалық және жергілікті телерадиобағдарламаны тегін қабылдауға мүмкіндік алды. Сондай-ақ абоненттер ақылы негізде түрлі тақырыптағы 50-ден астам шетелдік телеарнаны көруге қол жеткізді.

– "Отау ТВ" телевизиялық ақпарат тарату желісі ауылдықтар үшін ауқымды жобаға айналды. Оған қосылу құны да өдеуір төмен. Бұрын бар-жоғы төрт телеарнаны қабылдайтын едік. Енді, міне, ауылдағы ағайынның отандық арналарды өз үйінен тамашалайтын күн туды. Күнтиместіктер секілді мен де үйге "Отау ТВ" қызметін қостырдым. Ұлттық жерсеріктік телевизияның ұтымды тұстары көп екен. Соған көзім жетті. Барлық жаңалықты үйден шықпай-ақ естіп, біліп отырасың. Немерелерім де неменені көрем демейді, "Балапан" каналына басып, бар керегін көре алады. Бұл отандық желі нағыз халыққа қолайлы әрі ыңғайлы болды. Елімізде ұлттық мүддені ұғындыратын осындай дүниелер көбейе бергей! – дейді Күнтимес кентінің тұрғыны Қорғанбек Ғабдулов.



Жалпы, Ғабдуловтар отбасы белгілі ғалым Шоқан Уәлиханов-лына басып, бар керегін көре алады. Бұл отандық желі нағыз халыққа қолайлы әрі ыңғайлы болды. Елімізде ұлттық мүддені ұғындыратын осындай дүниелер көбейе бергей! – дейді Күнтимес кентінің тұрғыны Қорғанбек Ғабдулов.

тың туған жерінде тұрып келеді. Жұбайы Баян Ғабдулова екеуі 3 бала тәрбиелеп, олардан 5 немере, 5 шөбере сүйіп отыр. Баян апа да "Отау ТВ" ұлттық желісін қолдайды.

– Отандық 37 арна бар. Төле-сең, 97 канал болады. Өте тиімді әрі ыңғайлы, – деп өз ойын білдірді ауыл тұрғыны.

Сондай-ақ, жоғары сапалы бейнені қамтамасыз ететін отандық спутниктік телеарнаның нарыққа шыққанын соналылықтар да жоғары бағалайды.

– "Отау ТВ" жақсы болды. Ол арқылы еліміз бен облыстарымыздың өмірі туралы көбірек білуге мүмкіндік алдық. Немерелеріміз "Балапанды" қарап, қазақи ертегілермен сусындап жатыр. Бұрын небары 4 телеарнаны тамашалайтынбыз. Оның өзі бұлдырап зорға көрсететін. Қайта-қайта далаға шығып, антенаны қозғап әуреге түсетінбіз. Енді, міне Құдайдың рахаты. Барлық арна бар. Бәрі де анық көрсетеді. Үйде отырып, пульттің тетігін қозғап-ақ, қалағаныңды қарай бересің. Әсіресе, қазақтілді арналардың көптігі



қуантады, – дейді Соналы ауылының тұрғыны Қаппас Бекмағанбетов.

Ал, оның жары Айман апа да қолы қалт етсе, теледидар қарайтындығын жасырмады. Әсіресе,



ұлттық арнаны ұмыт қалдырған емес. Сонымен қатар, ән арна-

ларын асыға тосады. Себебі, жанына жақын дүние – осы.

– "Қазақстан" ұлттық арнасын көремін. Түрлі ән бағдарламалары бар арналарды тамашалаймын. Бұрын "Отау ТВ" болмағанда каналдар бұлдырап зорға көрсететін. Ал, қазір бәрі анық әрі қолжетімді, – дейді ол.

Айтпақшы, бұл тұрғыда қоскөлдіктердің де қосары бар. Ауыл тұрғыны Рашида Шайсұлтанова да осы "Отау ТВ-ны" отбасымен сүйіп көретіндердің бірі. Әсіресе, немерелерімен ертегілерді бірге көріп, оны оларға егжей-тегжейлі түсіндіріп, ұғындырады. Кейде өзі де ертегі айтып береді. Оның ойынша, жас ұрпақты тәрбиелеуде "Балапан" арнасының берері мол.

Жалпы, "ОТАУ TV" спутниктік желісі – жаңа мүмкіндік. Оған қосылу еліміздің көз келген нүктесінде қолжетімді. Әсіресе, бұл қала мен ауыл арасындағы ақпараттық теңсіздікті төмендетіп, отандық, шетелдік телерадиоарналарға тең көлемде қолжетімділікпен қамтамасыз етуге жағдай жасап отыр.

● ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

25 жылдықта – 25 жас маман

Тұғырлы тәуелсіздігіміздің 25 жылдық тойы қарсаңында Сарыкөл ауданының білім саласы 25 жас маманмен толықты.

Жаңа оқу жылында өңірге 25 жас мұғалімнің келуі – сарыкөлдіктер үшін тосын сый болды. Әрине, бұл – Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасымен қолға алынған "Дипломмен – ауылға!" мемлекеттік бағдарламасының арқасы екендігін атап өткен жөн.

Тағы бір айта кетерлік жәйт, болашағынан зор үміт күттіретін жалынды жастарды өңірлік тамыз кеңесінде аудан әкімі Эльдар Күзенбаев пен ҚР Парламенті мәжілісінің экс-депутаты Ольга Киколенко құттықтап, сый-сияпат тапсырып, соңында олармен естелік суретке түсті.

Ерекше сый-құрметке бөленгендердің бірі – Сарыкөл орта мектебіне келген жас маман – Наурыз Шынуар. Ол – дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі. Қостанай педагогикалық институтының түлегі.

– Бұл өңірге бұрын-соңды келіп көрмеген едім. Енді міне, жұмыс істеуге келіп жатырмын. Өте жақсы өңір екен. Мені қарсы алған қазақ мектебі де, ұжымдағылар да көңілімнен шықты. Ендігі мақсатым – балаларды спортқа баулып, ауқымды жарыстарда осы ауданның абыройын асқақтату, – дейді жас маман.



Сондай-ақ, Шынуардай жас мұғалім алдағы уақытта "Дипломмен – ауылға!" бағдарламасы бойынша жеңілдетілген несие мен біржолғы көтермеақы алып, өңірде қалып, қызмет еткісі келетінін ашық айтты.

Туған жеріне ту қадауға келген жастың бірі – Альбина Дүйсенова. Өзі оқыған Соналы ауылындағы қазақ мектебінің ұстаздар қауымының қатарына қосылды. Айталық, оны осы ауылдан шыққан белгілі кәсіпкер Айтжан Есенгельдинов төрт жыл бойы өз қаржысына оқытып шығарған еді. Енді міне, ҚМПИ-дің ағылшын

мамандығын тәмамдаған жас мұғалім кіндік кескен жеріне келіп, қызметке кірісіп те кетті.



– Ұстаздық жолымды туған жерімде, алтын ұямда, өз ұстаздарымның арасында ұштастырғалы жатқанымға өте қуаныштымын! Ұядан ұшқанда мені шығарып салған жандар қайтадан жылы қарсы алып жатыр. Күн сайын ақыл-кеңестерін айтуда. Менің басты міндетім – балаларды білімге құштар қылып, болашақта өз еліне қызмет ететін азамат етіп тәрбиелеу, – деп өз ойын ашық жеткізді ағылшын пәнінің



мұғалімі.

Жоғарыдағы жастар секілді Айдос Дәукенов пен Ақмарал



Нұрмағанбетовалар да ауылды қаладан артық көрген жандар.

Айдос – Қостанай педагогикалық институтының ағылшын мамандығын аяқтап, Комсомол ауылдық округіне жас маман болып барды. Ал, Ақмарал болса, Қараоба ауылындағы Б.Өтетілеуов атындағы орта мектепке бастауыш сыныбының мұғалімі болып орналасты. Білімі – орта. Бірақ, болашақта жоғары білім алу ойында бар. Қос маман да еңбек жолдарын ауылдан бастағандарына еш өкінбейді, қайта тәжірибе жинауға ауылдық жерді өте тиімді деп санайды.

Жалпы, өңір мектептеріне келіп жатқан жас мамандардың болашағы жарқын болып, алға қойған армандары орындала берсін! Білікті маманға айналып, білімді ұрпақ тәрбиелеуде қанаттары талмасын дейміз!

Руслан ӘЛКЕЕВ.

Сарыкөл ауданы.

● ТҚШ-НЫ ЖАҢҒЫРТУ

Жөндеу – "Нұр Отан" назарында

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

"Нұр Отан" партиясының Арқалық қалалық филиалы жанынан құрылған партиялық бақылау комиссиясы белсенді жұмыс атқаруда. Комиссия құрамында партияның қоғамдық кеңес мүшелері, облыстық, қалалық мәслихаттың депутаттары, құрылыс саласының кәсіби мамандары бар.

– Комиссия бюджеттен бөлінген қаражаттың әр теңгесінің мақсатты іске жаратылуын қадағалайды. Жүктелген жұмыс мерзімінде әрі сапалы аяқталуы тиіс. Мысалы, мердігер "КазСтрой Пласт" ЖШС Абай, 72 мекенжайында орналасқан үш жүзден астам тұрғыны бар әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға арналған №12 жатақхана ғимаратына 11 894,4 мың теңге қаражатқа ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізді.



Соның арқасында жатақханың әбден тозығы жетіп тұрған өрт қауіпсіздігі жүйесі, электр желісі, тазалық бөлмелері жаңартылды. Комиссия екі рет тексеріп, көрсетілген кемшіліктер қалпына келтірілген соң барып қана қабылдауға рұқсат берді.

Мердігер "Алюминстрой" ЖШС және "Арқалық АЖПК" МК 3 млн. 200 мың теңге қаражатқа Дем-

ченко көшесінен Әуелбеков көшесіне дейін және Ш.Жәнібек көшесінде жол шұңқырларын бітеу жұмысы, сонымен қатар Северный кенті мен Новый кентінің жолдарын грейдерлеу, тегістеу жұмыстарын атқарды.

Жақын аралықта мердігерлер "Восточный", "Фурманов" ауылдарына да барып жолдың ойшұңқырларын түзеді. Ол жұмыстардың да аяқталуына қарай уақытылы қарап, тексеретін боламыз, – дейді комиссия төрайымы, қалалық мәслихаттың депутаты Айткүл Бекентай.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Құрылыс жұмыстары.

Суретті түсірген автор.

Ауыл жолдары жөнделуде

**Руслан
ӘЛКЕЕВ**

Бүгінде Сарыкөл ауданы ауылдарының ішкі жолдары жөнделуде. Оған "Жұмыспен қамту – 2020" мемлекеттік бағдарламасының бірінші бағыты бойынша 50 млн. теңгеден астам қаржы бөлінді.

Соның ішінде Тимирязев пен Веселоподол ауылдарына қарастырылған қаржының сомасы – 7 млн. теңгеден.

Ауылдық округ әкімі Есқожа Қалиевтің айтуынша, бөлінген қаржыға Тимирязевтің ішкі 1550 текше метр жолы жамалады. Бүгінде жөндеу жұмыстары басталып та кеткен. Енді, көріктенген көшелердің шұңқыр жолдары жөнделіп, одан сайын құлпыра түспек.

– Облыс әкімі А.Мұхамбетов біздің басымызды қосқан жиында ауылдық округтерге бөлінетін қаржыны абаттандыру жұмыстарына жұмсау керектігін айтты. Сондықтан, біз ауылдың ішкі жол-



дарын жөндеп жатырмыз. Онымен төндерді ұтып алған "СарыкөлДорСтрой" ЖШС айналысуда. Он күннің ішінде жұмыстарды аяқтаймыз деп жоспарлап отырмыз, – дейді ауылдық округ әкімі Есқожа Әнуарбекұлы.

Айта кеткен жөн, дәл осындай жұмыстар Лесной, Краснознамен, Чехов ауылдық округтерінде қыза түссе, ал Тәгіл, Маяк ауылдарында аяқталды.

Сарыкөл ауданы.

Сырласу алаңында – үлгілі отбасы

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

Былырғы жылы "Мерейлі отбасы" ұлттық байқауының облыстық іріктеуінде жеңіске жеткен Төлегеновтер отбасы қостанайлық жастармен кездесті.

Нұрлан және Гүлжауһар Төлегеновтер тоғыз бала тәрбиелеп отыр. Сегізін асырап алған. Кездесуге қатысқан отанасы Гүлжауһар отбасын құру және тату-тәтті өмір сүру, бала тәрбиесі туралы кеңірек әңгімелеп берді. Студент жастар сұрақтарын қойып, сырласу алаңының көркін қыздыра түсті.

– "Үйлену оңай, үй болу қиын" деп халқымыз бекер айтпаған. Отбасын құру екі жаққа да бірдей



жауапты іс. Отбасы туралы әңгімелегенде ата-анамды есіме аламын. Себебі, олар мен үшін үлгілі жандар еді. Анам үш класстық білім алған. Соған қарамастан, рухани бай, ақылды еді. Балалары үшін "Қазақстан әйелдері" журналына жазылды. Аталған басылымда қыз бала тәрбие-

сіне қатысты көптеген мәнді мақалалар болатын. Анамның ақыл-көңесінің арқасында мен де қыздарыммен көбірек сырласамын. Біздің үйде әкенің орны жоғары. "Әкең айтты" деген сөз әлі күнге санамда жаңғырып тұрады, – деді Гүлжауһар Төлегенова.

Аталмыш іс-шараны "Нұр Отан" партиясы ҚОФ ұйымдастырғанын атап өткен жөн.

СУРЕТТЕ: Гүлжауһар Төлегенова жастармен бірге.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● ҚҰАТТЫ БИЗНЕС – ҚҰАТТЫ МЕМЛЕКЕТ



Жиһазға өрнек салған кәсіпкер

**Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ**

Мемлекет шағын және орта бизнесті белсенді қолдап келеді. Мәселен өткен жылы Рудныйда "Бизнестің жол картасы – 2020"

бағдарламасы шеңберінде 6 кәсіпкерге мемлекеттік грант бөлінді.

Бағы жанғандардың қатарында Вячеслав Костив те бар. Ол мамандығы есепші болса да, бала кезінен тұрмысқа қажетті заттарды құрастырып, жоқтан бар жасап жүрді. Содан болар, қолына дипломын алған жас маман өзін жиһаз жасау фирмасында сынап көргісі келеді.

– Жеті жылдай жиһаздың түр-түрін құрастырып, мол тәжірибе жинақтадым. Уақыт өте келе өзім де осы салада кәсіп ашуды мақсат етіп қойдым. Сөйтіп "Real RD" фирмасы дүниеге келді. Ағаш кесетін термовакумды нығыздаушыты 2,5 миллион теңгеге сатып алмас үшін, оны өзім қолдан жасап шығардым. Бірақ, кәсібім "әу" дегеннен дөңгеленіп кеткен жоқ. Бәсекелестер көп. Түскен қаржының көп бөлігі ғимаратты жалға алу, коммуналдық төлем мен жұмыскерлердің жалақысына кетіп жатты, – дейді Вячеслав.

Осы тұста кәсіпкер тыңнан түрен салып, қала нарығында жоқ өнімді шығаруға бел буады. Ғаламторды шарлап, ағаштың бетіне түрлі суреттер мен ою-өрнек салуға арналған компьютермен басқарылатын құрылғыға көзі түседі. Алайда, құны 3 миллион теңге тұратын жабдықты сатып алуға жас жігіттің қайдан

ақшасы болсын.

– Теледидардағы жаңалықтардың бірінен кәсіпкерлікті қолдауға мемлекеттік гранттар бөлініп жатқандығын естідім. Еш ойланбастан "Даму" қорына биз-



нес-жоба жасап, оны сәтті қорғап шықтым. Қор мамандары: "Сіз грант иегері атандыңыз!" дегенде сенбедім. Тек Қытайдан керекті затым келгенде ғана бағымның жанғандығын түсіндім, – дейді кәсіпкер.

Бүгінде рудныйлық фирманың бөлмеаралық есіктері, шкаф-купелері мен жиһаз қасбеттер зор сұранысқа ие. Өндірілген өнімнің үштен екісі Астанаға жөнелтіледі. Осының барлығы маманның шеберлігі мен құрылғының сапасын аңғартса керек.

– Бұл құрылғы арқылы тиынға да қалаған өрнекті салып бере аламыз. Кез келген тұтынушының тапсырысына үлкен жауапкершілікпен қарағандықтан бізге келушілер қатары көп. Әсіресе қазақтың ұлттық оюына деген сұраныс жақсы, – дейді Вячеслав.

Қазір жиһаз фирмасы 6 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Ендігі жерде кәсіпкер еңбектің өнімділігін арттырып, Ресейлік нарыққа шығуды жоспарлап отыр.

● ОҚИҒА

Героинмен ұсталды

"Көкнәр-2016" және "Паутина" жедел-алдын алу іс-шараларының барысында Рудный қаласы ІІБ есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлімінің қызметкерлері 41 жастағы ер адамды 7 грамм героинмен ұстады.

Ұсталған кезде күдікті есірткі салынған екі қалташаны жерге лақтырып тастады. Облыстық ІІД есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасы қызметкерлерінің айтуынша, ұсталған күдікті еш жерде жұмыс істемейді, есірткі тұтынады. Аталмыш факті бойынша ҚР Қылмыстық Кодексінің 296 бабы 4 тармағы бойынша (есірткі заттарын заңсыз сақтау) соталды тергеуі жүргізілуде.

ОИД баспасөз қызметі.


● ӨМІР САПАСЫ

Өрт қауіпсіздігін сақтаңыздар

Көп жағдайда өрт адамдардың өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамауы себепті болады. Тұрмыстағы өрттердің негізгі себептері – отпен абай болмау (соның ішінде, темекі шегу кезінде), электр құралдарының жарамсыздығы, тұрмыстық электр жылытқыш құралдары мен пештерді пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерінің бұзылулары.

Күн салқындағанда пештен өрт кету жағдайлары жиі тіркеледі. Үйде тұрған пештер барлық өрт қауіпсіздігі талаптарын ескере отыра орнатылуы қажет. Пештерді пайдалану кезінде жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға, пеш алды парақшасының үстіне отын, жанғыш заттар мен басқа да материалдарды қоюға, пешті тұтату үшін бензин, керосин, дизельді отындар мен басқа да тез жанғыш сұйықтықтарды қолдануға (жанғыш материал тиген кезде тез арада жарқ етуі, жарылыс немесе оттың шашылуы мүмкін) тыйым салынады. Сондай-ақ, көмір, кокс және газ пешіне арналмаған бұл отын түрлерін қолдануға, түтін өткізгіш ретінде желдеткіштік және газ арналарын қолдануға болмайды. Пеш үстінде және оның жанында киімдер, отындар мен басқа да материалдарды кептіруге, қақпағы ашық күйінде пешті жағуға және қатты қыздыруға тыйым салынады.

Пеш салған кезде кездейсоқ адамдарға сенбеңіздер. Пеш арнайы құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес (ҚНМЕ) қатаң түрде салынуы



қажет. Оны пайдалану кезінде түтін өткізгіш арналары бойы өтетін түтін өткізгіш мұржалары мен қабырғалары мұқият әктелуі қажет. Әктеу жарықтарды анықтау және оларды уақытылы жоюды қамтамасыз етеді.

Жанғыш құрылғылардың өртке қарсы (арақашықтығы) бөліктерісіз, 0,5*0,7 метрден кем емес көлемінде жанбайтын материалдардан әзірленген пеш алды парақшасын (ағаштан немесе басқа да жанғыш материалдардан жасалған еден), сондай-ақ пеш алды парақшасының және (арақашықтықтың) бөліктерінің күйіктері мен залалдарының анықтауы барысында, пешті және басқа да жылыту құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

Пештер мен мұржаларды күйелерден пешпен жылыту үшін – 3 айдың ішінде 1 рет;

тоқтатылмай әрекет ететін ошақтар мен пештер үшін – 2 айдың ішінде 1 рет; тоқтатылмай (ұзақ уақыт) жағылатын асүй плиталары мен басқа да пештер үшін – 1 айдың ішінде 1 рет тазартулар жүргізілуі қажет. Жағылатын пештен шығарылатын күл арнайы бөлінген орынға шығарылуы қажет.

Есте сақтаңыздар, пештер мен түтін өткізгіш мұржаларындағы ақауларды жою, қажет болған кезде оларға жөндеу жүргізу қажет. Өрт қауіпсіздік шараларын сақтау – бұл сіздің және жақындарыңыздың өмірлерін сақтап қалу кепілі. Өртті сөндіргенше, алдын алу оңай екенін ұмытпаңыздар.

А.ОРЫМБАЕВ,
Қостанай облысы ТЖД бастығының орынбасары, азаматтық қорғау подполковнигі.

Сақ болыңыз: сібір жарасы!

Қостанай облысының жануарлары арасында карантинді және аса-қауіпті жұқпалы жара(оның ішінде Сібір жарасы) індетін әкелуді және туындауын, таралуын болдырмауды алдын-алу мақсатында, сонымен қатар Қазақстан Республикасының барлық аумағында табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюға бағытталған жалпы мемлекеттік бағдарламаны орындауда, Қостанай облысының Төтенше жағдайлар департаменті аса-қауіпті аурудың алдын-алу мақсатында келесі сипаттағы ақпаратты танысу және қолдану үшін ұсынады.

Сібір жарасы – қоздырушы, ол сыртқы ортада қауіп туғызады және онжылдық бойы сақталады. Ірі және ұсақ мүйізді барлық ауылшаруашылық жануарлары жұқпалы ауруға тез шалдығады. Адамдарға жұқпалы ауру зақымданған тері, азық-түлік, ауамен, қансорғыш жәндіктер арқылы тұрмыстық жолмен жұғады.

Қоздыру ауруын таратудың көп жайылған түрі – жанасу арқылы. Ауру жануарларды күту, мал сою, мүшелеу, етті ас үйде өңдеу кезінде аурудың жұғуы мүмкін.

Инкубациялық кезең 7-14 күнге созылады.

Аурудың ең жайылған түрі – тері ауруы.

Мал шаруашылығы дамыған өңірлерде жайылған.

Алдын-алу ережелері:

– жануарларды сою және мүшелеуге қатысу кезінде қорғау құралдарын пайдалану қажет (арнайы киім, алжапқыш, жеңге киетін, қолғап ж.т.б.);

– белгіленбеген орыннан және бөгде адамдардан етті және ет өнімдерін сатып алмауға;

– етті қатты қызу өңдеуінен өткізуге;

– тері ауруы пайда болған кезде дене қызуы көтеріліп және уланған жағдайда дереу дәрігерге көріну керек.

Қостанай облысының Төтенше жағдайлар департаментінің, сонымен бірге облыстың мүдделі қызметтерінің бірінші кезектегі міндеті – тұрғындар арасында аса қауіпті жұқпалы аурудың пайда болуын және таралуын болдырмау.

Алдын алу, сақтану шараларын сақтаңыздар, өз денсаулықтарыңызға және туғандарыңыздың денсаулықтарына сақтықпен қараңыздар.

Өзіңізді күтіңіздер!



Отбасы күні қызықты өтті

Отбасы күнін атап өтуге жиналған қызметкерлер мен олардың отбасыларына арнаған сөзінде ТЖД бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Т.Кәкімов: "Отбасы – әр адамның өміріндегі ең маңыздысы. Біз өзіміз жақсы көретін және үлгі алатын адамдарға қамқорлық жасағымыз келеді, оларға тек бақыт тілейміз. Отбасымызда біз жақсы көруге, сыйлауға және жауапкершілікке үйренеміз. Бүгін біз Азаматтық қорғау қызметкерлерінің отбасыларын "Отбасы күні" мерекесімен құттықтаймыз", – деді.

Мереке Қостанай облысының ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмысы қызметінің мұражайында танымдық саяхаттан басталды. Бастықтың орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі Е.Ақдаулетов экспонаттарды көрсетіп, қонақтарға қызметтің құрылуы жөнінде және құтқарушының қиын да қажетті мамандығы жөнінде әңгімелеп берді.

Департамент ғимаратына экскурсия жасағаннан кейін, қонақтар "Көңілді старттар" жарысына қатысты, онда ең тату, мықты және көңілді отбасы атағын алу үшін сайысуға мүмкіншілік туды. Бұл мерекеді жеңімпаздар мен жеңілгендер болған жоқ, әр отбасына сыйлықтар табысталды. "Отбасы күні" үлкен дастарқан басында шай ішумен аяқталды.

Шолпан КАБЖАНОВА,
Қостанай облысының ТЖД кадр жұмысы бөлімінің аға инспектор-психологы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.



Лисаков қаласының өртке қарсы қызметі гарнизонының жеке құрамы Қостанай облысының "Өрт сөндіруші" АҚ филиалымен бірлесіп "Көліктегі өртті сөндіру" тақырыбында "Өркен" ЖШС Лисаков филиалының локомотивтік депосында өрт-тактикалық оқу-жаттығуын өткізді.

Оқу-жаттығудың мақсаты темір жол көлігіндегі өртті сөндіру барысында өртке қарсы қызмет гарнизоны бөлімшелері, авариялық-құтқару құрылымдары мен ерікті өртке қарсы құрылым арасындағы өзара қарым-қатынас тәртібін қалыптастыру.

Жаттығу шарты бойынша, тепловоздың электр жабдығының жөндеу жұмыстары барысында мотор бөлімінен өрт шыққан. Өрт ТЭМ7А-00-39 ма-



неврлі тепловозынан шыққан, ол 2ТЭ10М тепловозымен тіркемелі күйде тұрған. Жақын жерде тағы екі тепловоз тұрды. Шартты күйдегі өртті сөндіру кезінде "Өрт сөндіруші" АҚФ өрт сөндіру авариялық-құтқару

бөлімінің 2 автоцистернасы, 1 авариялық-құтқару көлігі мен жеке құрамның 8 адамы, "Өркен" ЖШС Лисаков филиалының ерікті өртке қарсы құрылымының 6 адамы, Лисаков қалалық 18-МӨБ-нің 3 автоцистернасы, 1 автосаты және жеке құрамның 25 адамы қатысты.

Қостанай облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы азаматтық қорғау полковнигі Т.Кәкімовтің басшылығымен оқу-жаттығу ойдағыдай өткізілді. Қорытындылау кезінде өрт-тактикалық оқу-жаттығуларға қатысушылардың ұйымшыл болғандығы, жақсы дайындалғандығы атап өтілді.

Қойылған мақсаттар мен тапсырмалар толық көлемде орындалды.

Қостанай облысы ТЖД Лисаков қаласы ТЖ бөлімі.

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы»
Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы

2016 жылы жасалған форвардтық сатып алу келісім-шарттары,
сондай-ақ келесі сатып алу бағалары және сапалық көрсеткіштері бойынша астықты
сатып алудың басталғаны туралы хабарлайды

	3 класты Triticum aestivum L бидайы				4 класты Triticum aestivum L бидайы		5 класты Triticum aestivum L бидайы	2 класты арпа
	Бір тонна үшін							
ҚҚС төлеушілер үшін, теңге:	50 000	45 000	42 000	41 000	36 000	34 000	30 000	25 000
ҚҚС төлеушілер үшін, теңге:	44 643	40 179	37 500	36 607	32 143	30 357	26 786	22 321
Сапалық көрсеткіштер:								
Натура, г/л, кем емес	760	740-750	730	710	700	700	650	600
Желімтектің салмақтық үлесі, %, кем емес	26-27	24-25	23	23	20	18		
Ақуыздың салмақтық үлесі, құрғақ затқа %, кем емес	14,5 және одан жоғары	13	12,5	12	11	9,5		
Ылғалдылығы, %, артық емес	14	14	14	14	14	14	14	14
Арам шөп қоспасы, %, артық емес	2	2	2	2	2	2	2	2
Астық қоспасы, %, артық емес	4,5	4,5	4,5	4,5	5	5	15	7
Түсу саны секунд, кем емес	250	200	200	200	100	100		
Астықтың жұқпалылығы	Жол берілмейді				Жол берілмейді		Жол берілмейді	Жол берілмейді
Басқа сапалық көрсеткіштер	3 класты Triticum aestivum L бидайы үшін 1046-2008 ҚР СТ сәйкес				4 класты Triticum aestivum L бидайы үшін 1046-2008 ҚР СТ сәйкес		5 класты Triticum aestivum L бидайы үшін 1046-2008 ҚР СТ сәйкес	2 класты арпа үшін 2119-2011 ҚР СТ сәйкес

Қосымша ақпараттарды "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ҰҚ" АҚ облыстық(өңірлік) өкілдіктерінде мына мекенжайлар бойынша ала аласыздар:

Қостанай облысы, Қостанай қ., Таран қ-сі, 147, тел. (8-714-2) 53-11-44, 53-45-79, 53-29-12.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша ала аласыздар:

Астана қ., Московская қ-сі, 29/3 тел (8-717-2) 59-12-48, 59-12-65, 59-12-13.



АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы

EXW "Франко завод"(Инкотермс 2010) жеткізу фактісі бойынша мына бағалар бойынша төлеу шартымен 3,4 класты Triticum aestivum L бидайы мен 2 класты арпаны сатып алудың басталғаны туралы хабарлайды

	3 класты Triticum aestivum L бидайы				4 класты Triticum aestivum L бидайы		2 класты арпа
	Бір тонна үшін						
ҚҚС төлеушілер үшін, теңге:	50 000	45 000	42 000	41 000	36 000	34 000	25 000
ҚҚС төлеушілер үшін, теңге:	44 643	40 179	37 500	36 607	32 143	30 357	22 321
Сапалық көрсеткіштер:							
Натура, г/л, кем емес	760	740-750	730	710	700	700	600
Желімтектің салмақтық үлесі, %, кем емес	26-27	24-25	23	23	20	18	
Ақуыздың салмақтық үлесі, құрғақ затқа %, кем емес	14,5 және одан жоғары	13	12,5	12	11	9,5	
Ылғалдылығы, %, артық емес	14	14	14	14	14	14	14
Арам шөп қоспасы, %, артық емес	2	2	2	2	2	2	2
Астық қоспасы, %, артық емес	4,5	4,5	4,5	4,5	5	5	7
Түсу саны секунд, кем емес	250	200	200	200	100	100	
Астықтың жұқпалылығы	Жол берілмейді				Жол берілмейді		Жол берілмейді
Басқа сапалық көрсеткіштер	3 класты Triticum aestivum L бидайы үшін 1046-2008 ҚР СТ сәйкес				4 класты Triticum aestivum L бидайы үшін 1046-2008 ҚР СТ сәйкес		2 класты арпа үшін 2119-2011 ҚР СТ сәйкес

Төлем шарты: "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ҰҚ" АҚ белгіленген тәртіп бойынша қойма қызметін көрсету үшін астық қолхаттарын шығара отырып іріктеген астық қабылдау кәсіпорындарына жеткізу фактісі бойынша.

2016 жылғы жиын-теріндік 3,4 класты Triticum aestivum L бидайы мен 2 класты арпаны сатып алу бағдарламасына қатысу үшін өтінімдер "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ҰҚ" АҚ облыстық(өңірлік) өкілдіктерінде мына мекенжайларда қабылданады:

Қостанай облысы, Қостанай қ., Таран к-сі, 147, тел. (8-714-2) 53-11-44, 53-45-79, 53-29-12.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша ала аласыздар:

Астана қ., Московская к-сі, 29/3 тел (8-717-2) 59-12-48, 59-12-73, 59-12-65.

Отан – отбасынан басталады

Рудный қаласының Төтенше жағдай басқармасында №1 мамандандырылған жасағы және Рудный қаласының әділет басқармасы отбасы күніне орай кездесу өткізді.

Кездесу барысында Отбасы күнін тойлаудың жаңа дәстүрі туралы сөз болды. Мемлекет басшысы атап өткеніндей, біздің қоғамда, отбасы әрқашанда ұрпақтар жалғастырушысы, рухани және мәдени дәстүрлердің сақтаушысы болып табылады. "Отбасы күні" моральдық, рухани жауапкершіліктің нығаюына, біздің қоғамда отбасының маңыздылығын арттыруға ықпал ететін болады. Отанды қалтқысыз сүю отбасына деген махаббаттан басталады. Туған шаңырақта алған тәрбие – бұл халықтың са-лауатты және табысты болашағының кепілі. Отбасылық құндылықтарды насихаттау, отбасыны нығайту – мемлекеттің ең негізгі міндеттерінің бірі.

Кездесуге қатысушылар "От-



басы – қоғамның іргетасы", "Қазақстан Республикасының және Қостанай облысының неке және туу көрсеткіштерін талдау", "Отбасындағы жас балаларға деген қамқорлық" және басқа тақырыптар бойынша пікір алмасты.

Отбасы күні қарсаңында Рудный қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының қыз-

меткерлері қайырымдылық акциясын өткізді. "Рудный қаласының №1 ата-ана қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған коррекциялық мектеп-интернатының" тәрбиеленушілеріне оқу құралдары табыс етілді.

А.ҮМБЕТИЯРОВА,
ТЖБ қызметкері.

Рудный қаласы.

ҚЫЛМЫС ЖӘНЕ ТҰРМЫС

Ішімдіктің құрбаны болды

Ермекбай
ХАСЕНОВ

Сол жылы көктем ерте туды. Қар күрт еріп, ағынды сулар сай салаға толды. Сәуір айындағы осындай жылылық ауа райының де-әсерінен бе, Рудный қаласында бірге өскен бес дос көшеде еркін серуендеді. Балалық шақтағы бастан кешкен қызықты оқиғаларды сөз етісті. Әдеттегідей әзілдесіп, бірін-бірі сөзбен қажады. Ащы сусыз сөздері жараспағасын қалталарының түбін қағып, тиын-тебен жалғастырып дүкеннен арақ-шарап сатып алды. Бір шөлмекті тауысып ішіп, жалғыз алманы бөліп жеді. Татулықтары ерекше жарасымды еді. Әлден уақытта ішімдікті көшеде "сілтеуді" лайықсыз санады.

– Менің апайыма қосылған Кукушкиннің үйіне барып, жайласып отырайық, – деп ұсыныс жасады Дибров.

Үйге кіргесін алдымен карта ойынына емін-еркін кірісті. Ащы судан сімірген соң қоя ма, қалжыңдасудың соңы дәрекі сөзге айналды. Кеш бойы ішілген арақ жас жігіттердің буынын босата бастады. Соған қарамастан ақша қосып, дүкеннен арақ сатып әкелуге кезек-кезек аттанды.

Ұзақ отырыстан соң ақша таусылды. Қызара бөрткендердің әлі де ащы суға төбеті тежелмегені байқалды. Ақылдасып қаражат табу қамын жасады.

– Николай Кукушкиннің әжесінің мыс флягасын сатайық, – деді Москалев.

– Сен бөтен үйдің дүниесіне иелік етпе, – деп Москалевты темекі шегіп тұрған Дибров тыйып тастады. Күжіріп Москалевқа сес көрсетіп, тыныштандырмақ болды. Шөлмектесі оның сөзіне құлақ аспады. Қарсыласып сөзіне сөз қайтарды. Жыны онан сайын қозған Дибров оның тұмсығынан жуан жұдырығымен қонжитты. Москалев қатты соққыдан жерге құлады.

Дибров мұнымен тыншымады. Еденде сұлап жатқан мас жігітті үйден қууға ыңғайланды. Москалев көктемнің кешкі суығынан жаурайтынын есіне алды. Кетіп бара жатып, жеңіл күрткені қолына қыстырды. Оның басқа біреудің киімін алып кетіп бара жатқаны Дибровқа қана емес, сырт киімнің иесі Пуговкиннің де ашуын қоздырды. Қос жігіт сыртқа беттеген Москалевқа дүрсе қоя берді.

Әуелде дауысын көтере сөйлеген Дибровтың енді алақаны қышыды. Москалевты

жағасынан қос қолымен уыс-тай ұстап, жұдырығымен бетіне қойып қалды. Пуговкин де төбелеске араласып кетті. Етпетінен сұлап, орнынан тұра алмаған мас жігітті олар аяқтарымен аяусыз тепкіледі.

Москалевтің қорғануға мұршасы жоқ. Ауыр соққылар тек денесіне ғана емес, басына да тиді. Содан есеңгіреп кетті. Ыңырсып ақырын сөйлегенмен Дибров пен Пуговкин құлақ салмады. Жайшылықтағы жұдырықта-су санап, жаралыға жайбара-қат қарады. Сонымен қоймай қорғансыз жігітті сыртқа жетелеп, сосын үйдің маңынан қуды.

– Әп-әдемі отырысымыздың сәнін бұздың. Осы той-ғаныңмен қайқай, – деп бөксесінен тепті.

Денесі күптей боп іскен Москалев аяғын сүйрете басып, көшеде зорға жүріп келе жатты. Көпқабатты үйдің жанына жеткесін ауыр жарақаты жанын қинап, қимылдай алмай сәл уақыт тұрды.

Подъезге кіргенмен баспалдақтармен жүргенде қиналды. Төртінші қабатқа жеткенде ары қарай аттай алмай сүрінді. Орнынан тұра алмай жатып қалды.

Баласы кешіккесін ата-анасы қобалжыды. Подъезде тұрып қалған болу керек деген болжаммен сыртқа беттеді. Баспалдақта сұлап жатқан ұлын көргенде олар шошып кетті.

Ата-ана шұғыл түрде жедел жәрдем шақырды. Ақ халатты абзал жандар жас жігітті ауруханаға жеткізді. Басынан қатты жараланған сырқатқа түрлі емдер қолданылды. Дегенмен, Москалев есін жия алмай, көз жұмды.

Шұғыл-тергеу тобы қылмыстың себебін анықтауға кірісті. Төбелес арақты шектен тыс көп ішкендіктің әсерінен туындағаны анықталды. Дибров пен Пуговкинге бірден күдік туындады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 103 бабының 3 бөлімі бойынша олар айыпталды.

Дибров тергеу кезінде бүкіл айыптың барлығын мойнына алды. Москалевты жалғыз өзі ұрғанын айтты. Мүмкін мәселе осымен аяқталар ма еді? Тергеушілер оны Пуговкинмен беттестіру шарасын ұйымдастырды. Сол кезде Дибров берген жауабы жалған екенін білдірді. Москалевты соққыға жығуға Пуговкин қоса көмектескенін көлденең тосты.

Міне, сау кезде сырласып, достық сөзімін білдіретін үш құрдастың тағдыры арақтың салдарынан осылайша бүлінді.



Жас Жұбайлар шаңырақ көтерді

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

Қыркүйектің екінші жексенбісі елімізде Отбасы күні аталып өтті. Мереке қарсаңында некелерін қиған қостанайлық жас жұбайларға облыстық Әділет департаментінің басшысы Б.Ерімбетовтың құттықтау хаты тапсырылды.

Неке қию рәсімі Қостанай қаласындағы Салтанат сарайында өтті. Тимур-Шынар және Александр-Руслана есімді екі жұпты Әділет департаментінің өкілдері құттықтады. Тамыз айында алтын тойларын атап өткен ата-әже Амангелді Сейдахметұлы мен

Бақытжамал Мұстафақызы жас жұбайларға бата берді.

Қалалық АХАТ бөлімінің дерегі бойынша, 2016 жылдың сегіз айында 1512 неке тіркелген. Бұл көрсеткіш былтырғымен салыстырғанда 214 некеге өскен. Сондай-ақ бала туу көрсеткіші де көңіл

қуантады. 2015 жылы 2000 бала дүниеге келсе, 2016 жылы 2915 бала жарық дүниеге есігін ашты.

**СУРЕТТЕ: жас жұбайлар Тимур мен Шынар.
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.**

Еліміздің болашағы – жас ұрпақтың қолында

Елбасының ұлт денсаулығы мен өскелең жас ұрпақтың салауатты өмір салтына үлкен көңіл бөліп жатқандығын анық аңғаруға болады.

Кез келген елдің болашағы оның халқының денсаулығына байланысты. Ал біздің болашақтағы бағытымыз – салауатты өмір салты.

XXI ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор. Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады. Тәрбие болмаған жерде білімнің болуы да мүмкін емес. Еліміздің болашағы үшін баламыз тәрбие мен білімді балабақшадан бастағаны дұрыс.

К.СЕМБИНА,

"Жұпар" балабақшасының тәрбиешісі.

Аманкелді ауданы.

● ӨМІР САПАСЫ



Назар аударыңыз – балалар!

Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде "Назар аударыңыз – балалар!" атты акциясы өтті.

Іс-шараны мектептің жоғары сынып оқушыларынан құралған жас жол инспекторлары флешмоб биімен ашты. Олар оқушыларға жолда жүру ережелері жайлы айтып, түсіндіріп өтті.

1-ші сынып оқушылары осы тақырыпта тасқа сурет салудан сайысып, жеңімпаздары марапатталды.

Ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен бірге мектептің жас жол инспекторлары жол қиылыстарында көліктерді тоқтатып, жүргізушілерге ескерту парақшаларын таратты.

Мектептің жас жол инспекторлар үйірмесі 2010 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Олар аудандық сайыстарда жеңімпаз атанған. Облыстық сайыстарға жолдама алып, қатысып отырады. "Жас санитар" аталымы бойынша 3-ші орын иеленді. Сонымен қатар денсаулық департаментінен грамота мен сыйлықтарға ие болды. Облыстық сайыста жасаған бейнеролигі үздік болып танылған облыстық ішкі істер департаментінен алғыс алды. Жыл сайын жас жол инспекторлар үйірме мүшелерімен мектепшілік сайыстары өтеді. Атап айтар болсақ: жолда жүру ережелері, велосипедпен жарыс, жас медбикелер, реттеушілер сайыстары. Осы аталған іс-шаралар аудандық қорғаныс істер мен ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп өткізіліп отырады.

Ә. ЖҰМАБЕК.

"АУЫЛЫМ – МЕНІҢ ЖҰМАҒЫМ!" "Қостанай таңы" газетінің фотобайқауы



Фотобайқаудың бұл жолғы қатысушысы – Нұрымжан Милқатов. Ол – Әулікөл ауданының тұрғыны. Суретте баласы Бәлдік Нұрәли Нұрымжанұлы Жанкелдин ауданына қарасты А.Байтұрсынов ауылындағы ата-әжесіне қыдырып барған кездегі сәттері көрсетілген. Жайма-шуақ жаз мезгілінде балақай суға түскенді ұнатады екен. Кішкентай Нұрәлиге ауыл ерекше ұнаған сыңайлы. Бақша суарып, өзі қатарлас балалармен достасып, таза ауада алаңсыз ойын қызығына батады. Әкесі Нұрымжан баласының қызықты әр сәтін қалт жібермейді. Себебі, сурет мәңгілік естелік болып қалады.

Сурет – тарих, сурет – уақыт уысынан суырып алынған "тірі" секундтар. Олай болса, сізге өмірдің ең ерекше сәттерін жұртпен бөлісудің тамаша мүмкіндігі туды!

Таяуда "Қостанай таңы" газеті оқырмандар арасында "Ауылым – менің жұмағым" атты фотобайқауын жариялаған болатын. Мақсат – жайдары жаздың ең ерекше де көркем көріністерін кадрға іліктірген үздік авторды анықтау. Газетімізге де, ресми сайтымызға да хабарландыру берілгендей, байқауға қатысуға ниет білдірушілерге шектеу қойылмайды. Жасқа да, жасамысқа да, кәсіби шеберге де, әуесқой фотосыға да шарт біреу – тағамды, тосын, жанды суреттер іріктеуге түседі. Ендеше, құрметті оқырман, редакциямыз тағайындаған жүлденің лайықты иегері боламын десеңіз, белсенділік танытыңыз!

Жолдаған фотоларыңыз газет бетінде жарық көріп, сайтымызда да ұдайы көрініс тауып отыратын болады.

Ескерте кетейік, суреттеріңізді Kostanaytanu@mail.ru немесе Kt-fan@mail.ru электронды мекенжайларына жолдауыңызға, сондай-ақ 54-84-44, 57-67-65 нөмірлерімен байланысуыңызға болады. Жұмыстар 1 қазанға дейін қабылданады.

Меншік иесі:

**"Қостанай таңы" газеті
редакциясы" ЖШС**

**Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65

Жауапты хатшы: 54-33-22

Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42

Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25

Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асытын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақыл жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Оффсеттік басылым. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10681 Тапсырыс 1894

Нөмірдің кезекші редакторы Қымбат ДОСЖАНОВА.